

Жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеу және өзін-өзі сертификаттау бойынша есептерді дайындау жөніндегі жұмыс тобының 2-ші кездесуі өткізілді

2019 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының мәжіліс залында Жұмыс тобының 2-ші кездесуі өткізілді.

Ағымдағы ай бойы Жұмыс тобының мүшелері Жоғары білім берудің Ұлттық біліктілік шеңбері (ЖБ ҰБШ) жобасына онлайн-форматта ұсыныс жасады.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының кеңесшісі А.Нұрмағамбетов бірлескен жұмыстың нәтижелерін ұсынды.

ЖБ ҰБШ жобасы Жұмыс тобының сындарлы ұсынысы бойынша әзірленген, қосымша өңдеуден кейін, Орталықтың сайтында кең сараптамалық талқылауға ұсынылады.

Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының Әдіснама және сапаны қамтамасыз ету басқарамасы